

"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі № 171 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте № 2742 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 249 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 24.11.2022 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Басқарма) ережесі бекітілсін.

2. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуге;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №76 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2209 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 мамырдағы № 70-71 (17927-17928)).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облысы әкімдігінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2015 жылғы "30" шілдедегі
№171 қаулысымен бекітілген

"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма) тұрғын халықтың аман - сау, қауіпсіз және қолайлы өмір сүруінің негіздері ретінде қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру, табиғи ресурстарды тиімді, орнықты пайдалану, орман - тоғайлы аумақтарды ұлғайту және өсімдіктер мен жануарлар әлемінің биоалуандығын сақтау, қоршаған ортаның сапасын жақсарту, су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік - құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Почталық индекс 080012, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133 "А".

10. Мемлекеттік органның толық атауы – ""Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі".

11. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарма қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

13. Басқарма кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы:

тұрғын халықтың аман – сау, қауіпсіз және қолайлы өмір сүруінің негіздері ретінде қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру, табиғи ресурстарды тиімді, орнықты пайдалану, орман-тоғайлы аумақтарды ұлғайту және өсімдіктер мен жануарлар әлемінің биоалуандығын сақтау, қоршаған ортаның сапасын жақсарту, су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау.

15. Міндеттері:

1) міндеттелеген функциялар мен өкілеттікке сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісі функциясын атқаруға;

2) орман, су, аң шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;

3) табиғат қорғау іс - шаралары стратегиясын әзірлеу жөніндегі жұмысты үйлестіру. Қоршаған ортаны қорғауға, жақсартуға, су, орман және аңшылық ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын реттеу мен тиімді пайдалануға халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басымды аймақтық - экологиялық бағдарламалар мен іс - шараларды қаржыландыру.

16. Функциялары:

1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысады;

2) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

3) орман мекемесінің аумағында орман өрттерінің алдын алу және олармен

күресу жөніндегі іс – шараларын әзірлеуді және олардың орындалуын іске асыруды ұйымдастырады;

4) жеке және заңды тұлғаларды, сондай – ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін айқындайды, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп – тұру өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

5) орман мекемесінің аумағындағы өрттерді сөндіру үшін өрт қауіпі бар маусымға жанар - жағар май материалдарының резервін жасайды;

6) шаруа және фермер қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

7) өртке қарсы насихатты, ормандарды сақтау, орман мекемесі аумағында өрт қауіпсіздігі ережесін орындау туралы мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде көрініс тауып тұруын ұйымдастырады;

8) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құрады;

9) орман зиянкестері мен ауруларын, олардың түр құрамын, санын және таралуын анықтау жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, зиянды жәндіктер мен аурулар ошақтарының жүйелі есебін жүргізеді;

10) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс - шаралар жүргізген кезде, сондай - ақ орманда өрт қауіпі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы қаулының жобасын әзірлейді;

11) уәкілетті органға беру үшін өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдар әзірлейді;

12) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін (сүректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлейді;

13) уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

14) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай - ақ ормандардың жай - күйіне

және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

15) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи - мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

16) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

17) мемлекеттік орман қоры аумағында аң аулау мен балық аулау ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

18) биотехникалық іс – шараларды жүргізу;

19) жануарлар дүниесінің есебін жүргізуді қамтамасыз етеді;

20) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесінің жобасын бекітеді.

21) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу шешімдер жобаларын дайындайды;

22) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдердің жобаларын дайындайды;

23) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өздеріне ведомстволық бағыныстағы органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;

24) бір облыстың аумағында орналасқан, жергілікті, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

25) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

26) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

27) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

28) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (

немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізеді;

29) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

30) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашады және жабады;

31) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми – зерттеу үшін аулау, сондай – ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат береді;

32) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай – ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

33) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс - шараларды ұйымдастырады;

34) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай - ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

35) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану - ғылыми және техникалық - экономикалық негіздемелерінің әзірлеу, сондай – ақ техникалық – экономикалық негіздемені түзету тәртібін;

36) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді;

37) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді;

38) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік -экономикалық және экологиялық мүдделерінің сақталумен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысады;

39) аумақтарды әлеуметтік дамыту бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

40) пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізетін жұмыс тобының құрамын бекітеді;

41) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды

дайындайды және ұйымдастырады;

42) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау - сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

43) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасады, тіркейді және сақтайды;

44) жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге арналған рұқсаттарды береді, сондай - ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салу жөніндегі мәмілелерді тіркейді;

45) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат береді;

46) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиясының ұсынысы негізінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді;

47) жер қойнауын пайдаланумен байланысты экологиялық, ғылыми, тарихи - мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі;

48) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдайды;

49) кең таралған пайдалы қазбалар және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

50) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

51) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат береді;

52) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

53) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады;

- 54) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгілейді;
- 55) қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады ;
- 56) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер және меморандумдар бекітеді;
- 57) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқарады, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 58) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 59) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілейді;
- 60) бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілейді;
- 61) конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға береді;
- 62) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысады, су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі ұсыныстарды бассейндік кеңестердің қарауына енгізеді, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделейді, оларды іске асыру жөнінде шаралар қолданады;
- 63) су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі, оның ішінде жерді гидромелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс – шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 64) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлейді;
- 65) су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөледі;
- 66) жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарында ауызсу және шаруашылық – тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысы жоқ мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат береді;
- 67) су объектілерін конкурстық негізде оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға береді;
- 68) су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылықта пайдалану бойынша облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

69) бюджеттік бағдарламаның администраторы 004 "Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру";

70) бюджеттік бағдарламаның администраторы 003 "Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету";

71) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері.

Құқықтары:

1) мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы болуға;

2) жеке және заңды тұлғалардан орман қоры мен жануарлар дүниесін және өзге де өсімдіктер ресурстарын пайдалануға белгіленген ережелер, нормалар мен шектеулерді сақтауды талап етуге және бұзушылықтарға жол берілген жағдайда табиғат пайдалану құқығын тоқтату туралы тыйым салуға;

3) мемлекеттік органдардан, басқа ұйымдар мен жеке тұлғалардан мекеме құзырына жататын мәселелер бойынша ақпарат және құжаттар сұрауға және алуға;

4) нормативтік - құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысуға;

5) сотта талапкер және жауапкер болуға;

6) басқармаға қарасты мекемелерді құру, қайта құру және тарату бойынша ұсыныстар енгізуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Міндеті:

Басқарма өз функцияларын қолданыстағы заңнамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Басқарма басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) өзінің бұйрығымен мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оларға тәртіптік жаза қолданады, сыйақылар береді, материалдық көмек көрсетеді, іссапар құжаттарын рәсімдейді, жыл сайынғы еңбек демалыстарын береді;

2) басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді;

3) басқарманың ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

4) басқарманың шығыстар сметасын бекітеді және оның шегінде қаржыға иелік етеді;

5) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

6) заңда белгіленген тәртіппен басқармаға қарасты мекемелердің штаттық кестесі мен құрылымын бекітеді;

7) заңда белгіленген тәртіппен қарамағындағы мекемелердің басшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8) заңда белгіленген тәртіппен қарамағындағы мекеме басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) бас бухгалтерлерін, орманшыларын, аңшылықтанушыларын, барлық санаттағы орман инженерлерін қызметке тағайындау мен босатуға келісім береді;

10) қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың директорының біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

11) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

12) барлық органдарда Мекеме мүддесін қорғайды;

13) банкте есепшоттар ашады және мәмілелер жасайды.

Басқарма басшысына дербес жауаптылық белгілене отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл үшін тікелей міндет жүктеледі.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. Басқарманың заңнамадағы көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармада бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың тізбесі

1) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Ақкөл ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Ақыртөбе ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Байзақ ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Бұрыл - Байтал ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жамбыл ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жуалы ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Көктерек ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қарақоңыз ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қосқұдық ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қордай ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Луговой ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Сарысу ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ормандарды қорғау жедел қызметі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жамбыл су қоймалары" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Байзақ ауданының "Базарбай" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

18) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Жамбыл ауданының "Талас - Аса" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

19) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қордай ауданының "Қордай берекесі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

20) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Меркі ауданының "Аспара" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

21) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Шу ауданының "Тасөткел" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

22) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Талас ауданының "Талас" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

23) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Т.Рысқұлов ауданының "Құлан - су" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

24) Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Сарысу ауданының "Мұрап" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК